

*А.Косарев атындағы №9 орта мектебі  
«Мектеп асханасы-2020»*

*Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы туралы мәлімет*

*А. Косарев атындағы №9 орта мектебінің асханасы 200 орынға арналған. Оқушылардың жекелеген санаттарын байланысты мектепте тегін ыстық тамақпен қамту жақсы жолға қойылған. Асханада оқушыларға тамақтандыруды ұйымдастыруда ЖҚ «Забота» жұмыс жасайды.*



*Жалпыға бірдей*

*міндетті оқу қорының есебінен жекелеген әлеуметтік мәртебесіне байланысты аз қамтамасыз етілген және күнкөрісі төмен отбасынан шыққан балалар, тұл жетім балалар, тубдиспансердің ұсынымы бойынша тубирражды оқушылар және әлеуметтік атаулы көмек алатын отбасылардан шыққан оқушылар тегін тамақпен қамтылып, 111 оқушының тізімі бекітілген.*

*Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың құжаттары ҚР Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша қабылданады. Сонымен қатар тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті қадағаланады.*

*Мектепте дұрыс тамақтануға байланысты іс-шаралар, сынып сағаттары, сыныптан тыс жұмыстарды өткізу де жақсы жолға қойылған. Тамақтану режимін сақтау, дәрумендердің адам ағзасына қажеттілігі, пайдасы туралы кеңестер беріліп, оқушыларға түсіндіру жұмыстары*



жүргізіледі. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы үнемі бақылауда болады.

Мектебімізде даярлық тобын қоса есептегенде жалпы оқушылар саны 836 тегін тамақтанатын 111 оқушы, Мектебімізде барлық оқушы ыстық тамақпен 100 пайыз қамтылған.

Күн сайын медицина қызметкері Майраға санитарлық қағидалардың 9-қосымша, 3 –нысанына сәйкес тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізіп отырады.

Мектеп Мектепте оқушыларды түгелдей қайнаған сумен қамтамасыз етілген. Мектептегі ыстық тамақтың берілуі тоқсан сайын директор жанындағы мәжілісте қаралып отырады. Сынып жетекшілер дұрыс тамақтану және тамақтану мәдениеті жөнінде сынып сағатын өткізді.

"Мектеп асханасы-2020" 2020 жылдың 30 жұлдызында "Мектеп асханасы-2020" республикалық науқан аясын іске асыру мақсатында " Нұр Отан" партияның төрағасы Хабибуллина Зулфия Төлеиқызының қатысуымен мектеп асханасының жұмыс барысын тексеру жүзеге асты. Тексеріс барысында асханада қолданылатын ыдыс аяқтардың жеткілікті екенін, асхананың санитарлық жағдайы мен күнделікті қолданылатын азық- түліктің сақталуы мен сапасына мән берді. Сонымен қатар оқушылардың тамақтануын бақылап, оқушыларға асхана мен аспазшылар туралы сұрақтар қойды. Бүгін оқушыларға берілген ыстық тамақ мектеп директорымен бекітілген апталық ас мәзірімен сәйкес болды. Асханада мұғалімдер мен оқушылар кезекшілікті өз деңгейінде атқарды.


Тексеріс барысында өрескел қателер болған жоқ. Асхана қызметкерлерінің санитарлық құжаттарын тексерді. Аспазшы Тамбаева Рабига апайға ұсыныстар айтып, жұмысына сәттілік тіледі.

Мектеп асханасында күнделікті тамақтың пісірілу барысын мектеп медбикесі



бақылайды.

Мектебімізде «Денсаулық»стенд бұрышы бар. Әр айда стендке мақалалар мен ақпараттар өзгертіліп отырады. Асханада «Ас болсын» бұрышы орналастырылған. Онда ас мәзірі мен тамақтану кестесі қойылған.



*«Мектеп асханасы-2020» туралы ақпаратты мектеп сайтымен әлеуметтік желіге жіберілді.*

*Директор*

*Әлеуметтік педагог*



*И.Жиембаев*

*Д.Мустафаева*